



**«Менің елім - Қазақстаным» атты патриоттық әндер байқауының
аудандық кезеңін өткізу туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелері

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Менің елім - Қазақстаным» атты аудандық патриоттық әндер байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау Қорғалжын аудандық білім бөлімінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың рухани – адамгершілік, азаматтық– патриоттық сезімдерін қалыптастыру, музыкалық- көркемдік мәнерлік құралдармен ұлағатты тарихымызбен Отанымыздың жетістіктерін насихаттау.

1.4. Міндеттері :

- байқауға қатысушы мектепке дейінгі жастағы балалардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру бойынша белсенді жұмысқа тартуға ықпал ету;

- балалар мен ересектердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету ;

- балалардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары.

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар “Қорғалжын аудандық білім бөлімі” ММ.

2.2. Байқаудың келесі кезеңдерін өткізу үшін ережеде аудандық/ қалалық білім бөлімдерінің байланыс телефондары мен электрондық пошталарын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізілді :

1-ші - аудандық (қалалық);

2-ші - облыстық;

3-ші – республикалық.

2.4. Аудандарда байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандық, қалалық білім бөлімдерінің бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Қатысушылардың құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін байқаудың барлық кезеңдерінде аудан, қала деңгейінде басшылардың бұйрығымен аудандық байқау комиссиясы құрылады.

2.6. Аудандық байқау комиссиясының құрамына аудандық, қалалық білім бөлімдерінің қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, білікті педагогтер мен әдіскерлер кіреді.

2.7. Аудандық байқау комиссиясы байқауға қатысушылардан ұсынылған материалдарды зерделейді және бағалайды.

2.8. Байқау комиссиясының мүшелері:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындарды бермеуге;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамауға ;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамауға құқылы.

2.9. Аудандардың, қалалардың білім бөлімдері облыстық байқау комиссиясының қарауына мынадай материалдарды жібереді:

- 1) Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің ілеспе хаты;
- 2) Байқауға қатысу үшін өтінім (осы Ереженің 1 қосымшасы);
- 3) Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің байқау комиссиясының хаттамасы (сканерленген көшірмесі).
- 4) Бағалау өлшем шарттарына сәйкес келетін бейнематериал.

2.10. Материалдар «**Менің елім – Қазақстаным**» атауымен **2023 жылғы 28 қыркүйектен** кешіктірілмей **do_umk@mail.ru** электронды поштасына жіберіледі, көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар және шарттары

3.1. Байқау мектеп жасына дейінгі ортаңғы топ (1 жеңімпаз), ересек және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының (1 жеңімпаз) арасында өткізіледі.

3.2. Байқау нөмірлерінің ұзақтығы 3 минуттан аспайтын белгіленген тақырыпта (2 жұмыстан артық емес) ұсынылуы тиіс.

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, интернет және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, шығармашылық жобаларға қосуға.

3.4. Өтінім болашақта байқауға қатысушылардың осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Бағалау критерийлері.

4.1. Орындау деңгейі 5 балдық жүйе бойынша келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- таңдалған материалдың байқау тақырыбына сәйкестігі;

- сахна мәдениеті (костюм, реквизит, орындау мәдениеті);

- таңдалған материал қатысушының жасына сәйкестігі;

- бейне сапасы;

- бейнесюжетті рәсімдеуге қойылатын талаптарды сақтау;

- дыбыстың сапасы.

5. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар:

5.1. Байқау бейнежазбасы келесі талаптарға сай болуға тиіс:

- Түсіру кәсіби, сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай орындалуы тиіс (нөмірдің басынан аяғына дейін);

- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;

- әрбір файлдың көлемі 300 Мб артық емес;

- бейне файлдарда қатысушылар туралы ақпарат болуы керек (аты-жөні, жасы, мектепке дейінгі ұйымның атауы).

5.2. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау:

- I место;

- II место;

- III место.

5.3. Байқау жеңімпаздары Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығының алғыс хаттарымен дипломдарымен марапатталады.

5.4. Байқаудың қорытындылары мен байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілердің беттерінде жарияланатын болады.

Анықтама телефоны: 8 (716 37) 2-22-75

**«Менің елім – Қазақстаным» атты аудандық патриоттық әндер
байқауына қатысуға өтінім**

МДҰ –ның толық атауы (Жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның атауы)	
Қатысушы баланың ата- жөні,жасы	
Орындалатын материалдың (өлеңнің) атауы мен авторы	
Педагогтің аты -жөні	
«Менің елім –Қазақстаным» атты патриоттық әндер конкурсын ұйымдастыру барысы туралы бейнематериал орналастырылған YouTube платформасының бейнематериалынан сілтеме	
Педагогтің байланыс телефоны	

Өтінімді толтыру күні « » ----- 2023 ж